

МАГАТЭ ұйымы



ЖОСПАР

I.Кіріспе

Ұйымның құрылуы

II.Негізгі бөлім

1.Ұйымның басқарушы органдары

2.Ұйымның қызмет ету салалары

3.Қазақстан және МАГАТЭ


III.Қорытынды

Қазақстандағы атом энергиясы жөніндегі агенттік

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) - бұл ядролық технологияларды бейбіт пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың жетекші дүниежүзілік форумы. АҚХА БҰҰ шеңберінде 1957 жылы құрылды. Арнайы келісіммен байланысты БҰҰ жүйесіне кіреді, жыл сайын өзінің қызметі жөнінде БҰҰ-ның Бас Ассамблеясына баяндама жасап отырады. . Қазір оған 125 ел мүше. Ұйым бюджеті 256 млн. АҚШ долларынан астам.



АҚХА-ның туы



Басқарушы органдары: мүше елдердің жыл сайын шақырылатын Бас конференциясы, 35 адамнан тұратын Басқарушылар кеңесі және ағымдағы жұмыстарды іске асырушы екі мыңнан астам қызметкері бар хатшылар тобы, соңғысын бас директор басқарады. Штаб-пәтері Венада орналасқан.

АҚХА-ның маңызды қызмет ету салалары – атом қуатын бейбіт мақсаттарда пайдалану, , осы салада техникалық көмек көрсету, атом электр стансияларының (АЭС) қауіпсіздігін арттыру, радиоактивті қалдықтарды залалсыздандыру, радиоизотоптарды медицинада, адамзат шаруашылығында пайдалану. АҚХА ядролық заттардың зиянсыз айналымы жөніндегі ақпараттар мен деректерді жинап, талдап, қорытады. АҚХА қамқорлығымен Ресейдің, АҚШ-тың, Жапонияның және Еуропа қоғамдастығының ғылыми күштерін Халықаралық термоядролық сынақ реакторларын (ITER) жасау үшін біріктіру жобасы жүзеге асырылуда. АҚХА-ның бақылау қызметін жетілдіру және кеңейту шеңберінде 1997 жылы мамырда “Кепілдіктер жүйесінің пәрменділігі мен тиімділігін арттыру” бағдарламасы қабылданды. Тек мемлекеттер ғана АҚХА-ға мүше бола

Қазақстан Агенттікке 1994 жылы мүше болып кірді. Өзін ядролық қаруы жоқ деп жариялауына және Семей атом сынақ алаңының жұмысын тоқтатуына байланысты Қазақстанның бұл Агенттіктің қызметіне қатысуының маңызы артып отыр. АҚХА 1994 жылдан бері Қазақстанда атом қуатын пайдалану саласындағы аса қажетті мәселелерді шешуге көмек көрсетіп келеді. Бұл салада заңдар мен құжаттар жүйесін жасауға көмектесу, ядролық реакторларға және ядролық-отын циклді кәсіп-орындарға сараптау жүргізу, республиканың әр түрлі ұйымдарына аспаптар мен жабдықтар түріндегі техникалық көмек жақсарды. Семей сынақ алаңында радиациялық жағдайдың қазіргі күйін анықтау мақсатында АҚХА мамандарының үш өкілдігі (миссиясы) жұмыс істеді. 1994 жылы шілдеде Алматыда Қазақстан мен АҚХА арасында ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа байланысты кепілдіктер беруді қолдану туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісімді дайындау мен іске асыру барысында Агенттік жағынан Қазақстанға сараптау-әдістемелік және техникалық көмек көрсетілді

Қазіргі кезде бұл ұйымға ел мүше.
Ұйымның штаб-пәтері Венада
орналасқан. Сонымен қатар Торонто,
Нью-Йорк, Токио қалаларында
жергілікті бөлімдері, Монако мен
Австрияда лабораториялары, Италия
қаласына зерттеу орталығы
орналасқан.

АҚХА-ның штабы



Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі — атом энергиясын пайдалану және ядролық қаруларды таратпау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын басқару органы. ҚР Президентінің 1992 ж. 15 мамырдағы Жарлығымен құрылған.

Агенттік ядролық материалдарды, радиоактивтік заттар мен қалдықтарды ұстауды қосқанда, ядролық және радиациялық технологияларды пайдаланудың қауіпсіздігін реттеу, жолымен халықты және айналадағы табиғи ортаны техногендік және өздігінен пайда болатын иондаушы сәулелердің ықпалынан қорғаудың мемлекеттік саясатын жүзеге асырады.

Агенттіктің басты міндеттері;

қолданылып жүрген халықаралық нормаларды ескере отырып, атом энергиясын пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

атом энергетикасы, ядролық технология және радиоактивтік қалдықтарды ұстау технологиясы саласындағы жобаларға мемлекеттік сараптау жүргізу; оларды іске асыру жөніндегі бағдарламалар мен шараларды үйлестіру;

ядролық және радиациялық қауіпсіздік, ядролық материалдар мен радиоактивтік заттарды тасымалдау және сақтау, қалдықтарды ұстау жөніндегі өлшемдер мен нормаларды белгілеу, ережелерді әзірлеу, сондай-ақ ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан, кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың, жекелеген азаматтардың осы нормалар мен ережелерді сақтауын бақылау;

атом энергетикасы объектілерінің (ядролық материалдар, радиоактивтік заттар мен иондаушы сәуле көздері бар аспаптар, жабдықтар, өндірістер, қоймалар мен сақтау орындары) және көлік құралдарының пайдалану қауіпсіздігін бағалау мен бақылау;

жобаланған және салынып жатқан атом энергетикасы объектілерінің қауіпсіздігін бағалау;

ядролық материалдар мен радиоактивтік қалдықтарды мемлекеттік есепке алу және олардың сақталуы мен пайдаланылуын бақылау;


ядролық материалдар мен ядролық технологиялардың экспорты мен импортына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының аумағындағы атом-өнеркәсіп кешені ұйымдары мен кәсіпорындарындағы физикалық қорғау мен құпиялылық тәртібінің жағдайын бақылау;<*>

атом энергетикасы мен ядролық технология саласында мемлекетаралық және халықаралық ғылыми-техникалық, экономикалық және хұқықтық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

Пайдаланылған әдебиеттер

- Қазақ энциклопедиясы 3 том
- www.wikipedia.com
- www.google.ru



● Назар
аударғандарыңызға
рақмет!!!